

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2020-2021 оқу жылы
Қамқоршылық кеңесінің
№1 хаттамасы

4-қыркүйек 2020 ж

Мәшһүр Жүсіп ауылы

№1 хаттама

1. Мектептегі қамқоршылық кеңесінің, өткен 2019-2020 оқу жылында атқарылған жұмыстардың есебі.
2. Карантин кезіндегі санитарлық-эпидемиологиялық тәртіптің сақталуы.
3. 2020-2021 оқу жылының жұмыс жоспарын бекіту.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша жаңа оқу жылына дайындық туралы мектеп директоры Кенжалин Сабит Мұратұлының есебі. Бюджеттен бөлінген қаражат көлемі АКТ залының төбесіне 1 550 000 тенге. Оған АКТ залының төбесіне «ANGARA» құрамында тастары бар дыбыс жібермейтін плиткамен жабдықтады. Жаз бойы мектептің жылу жүйесі толығымен ауыстырылды. Оған бюджеттен 28 844 807 мың тенге жұмсалды. Мектептің 1,2 қабаттағы және «ЕРКЕТАЙ» шағын орталығының дәретханасы ағымдағы жөндеу жұмысы жасалды. Оған 1050 00 тенге қаражат жұмсалды. Мектепке тағзым жобасы бойынша бізде түлектеріміз 20,30 жылдықтар «Домбыра», «Шахмат» кабинеттерін толық жабдықтап берді. ӨЛКЕТАНУ мұражайына, дәретхананың төбесіне нативной паталок жасап берді, сыртқы темір есікті 40 жылдықтар орнатып берді. Міне осындай жұмыстар қатары мектебімізде атқарылды. Енді алдағы уақытта да жоспарлар бар, орындауға дайынбыз.

Екінші мәселе бойынша Қамқоршылық кеңесінің төрағасы Көпеев А.С. сөйледі. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітілген мектепте қамқоршылық жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9 тармағына сәйкес әзірленді. Қамқоршылық кеңес мектептің әкімшілігімен, ата-аналар комитеті мен жергілікті атқарушы органдармен мүдделі мемлекеттік органдармен және өзге де жеке немесе заңды тұлғалармен өзара әрекет жасайды. Қамқоршылық кеңес мүшелерінің өз өкіллеттілігін орындауы өтеусіз жүзеге асырылады.

Оқу жылының басында мөлтек аудандарын аралап 0-18 жас аралығындағы балалардың санын алып қандай көмек керек екенін сынып жетекшілер мен мөлтекке жауапты мұғалімдер анықтап тәрбие ісі жөніндегі орынбасарға тапсырды. Мектеп әкімшілігімен бірлесе отыра көмекке мұқтаж отбасы оқушыларының санын анықтап ЖШҚ на, мекемедерге т.б. көмек қолын беруге ұсыныс тастаған адамдарға қатынас хат жазылып таратылды. Жаппай оқу қорынан 59 000 тенгеге үш оқушыға қажет киімдер мектепке қажет кенсе заттары әперілді. Жұмсалған қаржының құны 444000 тенгені құрайды. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы мешіттің имамы Мәдеш Солтанбек төрт оқушыға мектеп сумкасы мен концелярлық заттарын әперді. . Атап айтсақ Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы мемориалдық музейінің директоры Пазылов Қажымұқан Пазылұлына,

Алихан ШҚ басшысы Жетыбаева Р.Қ, Ащысу ШҚ басшысы Шакманов Т.Қ., Болашак ШҚ басшысы Сыздыков А.С., Ережеп ШҚ басшысы Жумабаев Ж. А., Арай ШҚ басшысы Шарипова Айсулу ханым, Ынтымақ ШҚ басшысы Жиенкулова Ш.О., Айзия ШҚ басшысы Маханова Г.М, Ногербаев ШҚ басшысы Ногербаев Амангелді, Болатхан ШҚ басшысы Тұмарбеков Б.Б, 14 оқушыға көмектесті және ұстаздарымыз Сагиев Н.М. бір оқушыға спорт формасын, Омаркасова А.Т. бір оқушыға қысқы куртка, Әсетқызы Мөлдір бір оқушыға сумка мен қажетті оқу құралдарын әперді. Мектебіміздің түлегі Ахметов Дастан бір оқушыға қысқы куртка сыйлады. Жаппай біліммен қамту қорынан атаулы әлеуметтік көмек алатын аз қамсызданған көп балалы, толық емес отбасының 19 оқушысына көмек көрсетілді. Көмекке мұқтаж жандарға көмек көрсеткендеріңіз үшін алғыс айтамыз. Отбасыларыңызға бақыт, еңбектеріңізге жеміс тілейміз. «Өлкетану» мұражайының төбесі дайын техпаспортының дизайнеры бекітілді, «Rainbow KZ+» фирмасымен келісім шартқа отырып осы концепциясына негізделген эскизіне демеушілер есебінен 250 000 тенге ақша аударылып жұмыстар жасалып жатыр. Бұйыртса заманауи жақсы өлкетану мұражайы болады деп есептеймін.

ТІМ Нуриденова Г.Н. сөз алды.

Күн тәртібіндегі 2-ші мәселе бойынша Карантин кезінде санитарлық-эпидемиологиялық тәртіптің қатаң сақталуы мектебімізде күнде қадағалануда. Антисептиктер 1,2 қабатта «Еркетай» шағын орталығында, сыныптарда қойылды, плакаттар жарнамалар 1,2 қабатта, сыныптарда ілінді. Кіреберісте кілемше қойылды, оның үстіне дезинфекциялық сұйықтық күнде құйылып отырады. Оқушылардың бетперделері екі сағатта бір ауыстырылып отырады, Бетперделерді жою жәшігі әр сыныпта орнатылған. Күнде сабақтың соңында жәшіктегі салынған бетперделер арнайы бөлмеде жойылып отырады. Дәптерде тіркеліп отырады. Оқушылар сабақ сайын қолдарын антисептикпен тазалап отырады. Медбике оқушыларға қолдарын жуу алгоритімімен таныстырып қалай жуу керек екенін үйретті. Ауызсу мәселесі бойынша әр сынып жетекшілер өз сыныбындағы оқушыларға өзімен бірге бутылкамен су әкелу тапсырылды. Бюджеттен 18 оқушыға киім-кешек мектеп сумкасы мен кеңсе тауарлары на сұраныс берілді. Осы айдың соңына қарай келіп қалады. Қазір ЖШҚ бөлінген оқушыларға киімдерін әкеп беріп жатыр. Ол туралы қамқорлық кеңестің төрағасы Көпеев А.С ұлы атқарылған жұмыстың қатарын айтып өтті. «Біріге пішкен тон келте болмайды» демекші ЖШҚ таратылған қатынас хаттар өз нәтижелерін берді. Бірсыпыра оқушыларымыз киініп қалды. Мектепке жол акциясы өз жалғасын әрі қарай жалғасын табады. Көмектесеміз деп қайырымды іс жасаймыз деген азаматтарымызға біз әрқашанда ризамыз. Көмекке мұқтаж жандарға көмек көрсеткендеріңіз үшін алғыс айтамыз. Отбасыларыңызға бақыт, еңбектеріңізге жеміс тілейміз. Ыстық тамақ қазір беріліп жатқан жоқ. Екі ауысымда оқып жатырмыз. Оқушыларды тасымалдау графигі жасалды. Жүргізуші өзіне берілген міндетті мұқият орындауда.

Хатшысы:

Нуриденова Г.Н.

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебі
коммуналдық мемлекеттік мекемесі
2020-2021 оқу жылы
Қамқоршылық кеңесінің
№ 2 хаттамасы

23 қазан 2020 ж

Мәшһүр Жүсіп ауылы

№2 хаттама

1. Мектептегі бюджеттен бөлінген қаражаттың аз қамсызданған отбасы балаларына 6-18 жас аралығындағы оқушыларға көрсетілген көмек түрі.
2. Карантин кезіндегі санитарлық-эпидемиологиялық тәртіптің сақталуы.

Тыңдалды: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебінің **ТІМ Нуриденова Г.Н. сөз берілді.**

Жыл сайын оқу жылының басында «Мектепке жол» акциясы аясында Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебінде де өтуде. Аталмыш акцияның мақсаты –тұрмысы төмен аз қамсызданған отбасы балаларының мектепке қажетті киім-кешек, оқу құралдары, қысқы киім жабдықтарымен қамтылып, сабаққа баруын қамтамасыз ету болып табылады. «Мектепке жол» акциясы аясында көмекке мұқтаж оқушыларға көмектесу мақсатында мөлтек аудандары араланды. Осының нәтижесінде көмекке мұқтаж оқушылар анықталып, көмек көрсетілуде. Осы мақсатта маусым айында АЭСП алатын ата-аналар тізімі жергілікті жердің әкімшілігінен алынып 18 оқушыға берілген өтініш бойынша киім-кешектер мен спорттық тауарлар және кеңсе тауарлары мен оқу сумкалары барлық оқушыларға таратылып берілді.

Қысқы куртка мен қысқы етіктің бағасы 35000 көлемінде 9 оқушыға берілді, Мектеп формасы мен спорттық киімнің бағасы 25000 көлемінде 9 оқушыны қамтыды. Барлығы бюджеттен 18 оқушыға 540000 тенге ақша жұмсалды.

Екінші мәселе бойынша мектебіміздің медбикесі Сеитова А.М. сөз алды. Карантин кезінде санитарлық-эпидемиологиялық тәртіптің қатаң сақталуы мектебімізде күнде қадағалануда. Мектепке кірген сайын температуралары өлшеніп арнайы дәптерге Антисептиктер 1,2 қабатта «Еркетай» шағын орталығында, сыныптарда қойылды, плакаттар жарнамалар 1,2 қабатта, сыныптарда ілінді. Кіреберісте кілемше қойылды, оның үстіне дизенфекциялық сұйықтық күнде құйылып отырады. Оқушылардың бетперделері екі сағатта бір ауыстырылып отырады, Бетперделерді жою жәшігі әр сыныпта орнатылған. Күнде сабақтың соңында жәшіктегі салынған бетперделер арнайы бөлмеде жойылып отырады. Дәптерде тіркеліп отырады. Оқушылар сабақ сайын қолдарын антисептикпен тазалап жуып отырады. Сабақ біткен соң кабинеттер жуылып кварц қойылады.

Қаулы қабылданды:

1. Қамқорлық кеңесіндегі «Мектепке жол» акциясының жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Қамқорлық кеңесінің жаңа оқу жылындағы жұмысы одан да жақсы жағына жандандырылсын.
3. 2020-2021 оқу жылындағы карантинге байланысты оқушылардың денсаулығын сақтау жұмыстары әрі қарай да қатаң қадағалансын..

Хатшы  Г.Н.Нуриденова

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бюджеттен бөлінген қаражатты жұмсау қажеттілігі туралы хабарлайды.
2020-2021 оқу жылы
№ 3 хаттамасы

20-қаңтар 2021 ж

Мәшһүр Жүсіп ауылы

1. Көпеев Ақжол «Асылтас» ШҚ басшысы – қамқорлық кеңесінің төрайымы
2. Смагулова Қорлан Танбайқызы – бас маман, мүшесі
3. Пазылов Асет Кажмуханович- Ескелді шатқалында Мәшһүр Жүсіп кесенесінің шырақшысы, мүшесі
4. Садыкова Кенжетай Калимарденовна – ата-ана комитетінің төрайымы, мүшесі
5. Кожанова Асель Еркиновна-ата-ана қамқоршылық кеңесінің мүшесі
6. Мусаипов Мереке Баянович – «Айдос» ШҚ, қамқорш. кеңес. мүшесі
7. Тұрсынбеков Жанбырбай Кабдоллаевич - учаскелік полиция қызметкері , мүшесі
8. Байханова Айгуль Қуандыковна – «Вајан аul агро» ШҚ мүшесі
9. Тукенов Қуаныш Мухамеджанович – ауыл тұрғыны, мүшесі.
10. Нуриденова Гульнар Назмукановна ТІМ- қамқорлық кеңесінің хатшысы

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жаппай оқу қорынан бөлінетін қаржыға тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың әлеуметтік жағыдайын қарастыру және тегін тасымалданатын оқушылардың жағыдайын қарау, бюджеттен бөлінген қаражаттың жұмсалыуы қажеттілігі туралы мәлімдеу.
Мектеп басшысы Кенжалин Сабит Мұратұлының есебі. /слайд көрсетілді/
2. Қамқоршылық акциясы аясында әлеуметтік қорғалмаған аз қамсызданған отбасы оқушыларына күзгі, қысқы киімдермен басқа да заттармен қамтамасыз етілгені жөнінде ауылымыздың ШҚ көрсеткен көмектері жөнінде мәлімдеу . ТІМ Нуриденова Г.Н.
3. Жарыссөз

Мектеп басшысы Кенжалин Сабит Мұратұлы сөз алды: Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің жаппай оқу қорынан бөлінетін қаржыға 2021 жылдың есебінен мектебімізден 54 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылатын болды. Тегін ыстық тамақ ішетін оқушылардың әлеуметтік жағыдайын қарастыра отыра тізім жасалды. Бастауыш сыныптан 41 оқушы , орта буыннан 13 оқушы тегін тамақтанады. Миню жасалды, асхана барлық COVID ке қарсы санитарлық эпидемиологиялық ережеге сай дайын, кезекші мұғалімдердің , әкімшіліктің графигі құрылды, мектепішілік бұйрық шықты. 16 қаңтардан бастап оқушыларымыз жаппай оқу қорынан тегін тамақтанып жатыр. Автобус мәселесіне қарасақ биылғы оқу жылында автобус мектеп қарамағына толық берілді. Келісім шарт қағаздары жасалып жатыр. 34 оқушы тегін тасымалданады, екі бөлімшеден . оқушылар екі ауысымда оқиды. Тасымалдау графигі мен схемасы жасалды, сабақтың кестесі тасымалдау графигіне сай. Тасымалдау кезінде кезекші мұғалім автобусбен бірге таңғы 7:00-ден бірге шығады, сабақтың соңына дейін 19:20-ға дейін график бойынша кезекшілік міндетін атқарады, яғни бірге жүреді. Арнай дәптер бар кезекшілікті тапсырып отыратын. ТІМ Нуриденова Г.Н. күндегі кезекшілікті бақылап отырады.

Қайырымдылық акциясы бойынша ТІМ Нуриденова Г.Н. сөз алды. Биылғы оқу жылында әлеуметтік жағдайына қарап бірсыпыра оқушыларымыз жаппай оқу қорынан да, ауылымыздың ЖКҚ берген көмектерінің арқасында киініп қалды, сабаққа келе алмай отырған оқушыларымыз

жоқ, барлығы қамтамасыз етілді. Оқу құралдары да бар, жағыдайдан шықтық. Сабақты да оқушыларымыз себепсіз босатпайды. Ауырған оқушыларымыз жоқ, медбикеміз тұмаудың алдын алу шараларын уақытында көрсетеді. Санитарлық сақтық шаралары уақытында жасалуда. Ыстық тамақ бойынша 54 оқушы жаппай оқу қорынан тегін тамақтанады. 34 оқушы екі бөлімшеден тегін тасымалданады. Тасымалдау графигі құрылды, мектепшілік бұйрық шықты, кезекші мұғалімдеріміз кесте бойынша уақытында барады, арнайы дәптер арқылы бір-біріне кезекшілікті тапсырады.

Қаулы қабылданды.

1. Жаппай оқу қорынан бөлінген қаражатқа 54 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтылсын, санитарлық жағыдайларын үнемі қадағалауда болсын.
2. Тасымалдау кезінде сақтық шаралары уақытында жасалсын, кезекші мұғалімдер кесте бойынша міндеттерін атқарсын, әкімшілік тарапынан қадағалансын.
- 3 Қамқорлық кеңесіндегі «Қайырымдылық» акциясының жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.

Хатшы: Г.Н.Нуриденова

Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бюджеттен бөлінген қаражатты жұмсау қажеттілігі туралы хабарлайды.

2020-2021 оқу жылы

№4 хаттамасы

20-сәуір 2021 ж

Мәшһүр Жүсіп ауылы

1. Көпеев Ақжол «Асылтас» ШҚ басшысы – қамқорлық кеңесінің төрайымы
2. Смагулова Қорлан Танбайқызы – бас маман, мүшесі
3. Пазылов Асет Кажмуханович- Ескелді шатқалында Мәшһүр Жүсіп кесенесінің шырақшысы, мүшесі
4. Садыкова Кенжетай Калимарденовна – ата-ана комитетінің төрайымы, мүшесі
5. Кожанова Асель Еркиновна-ата-ана қамқоршылық кеңесінің мүшесі
6. Мусаипов Мереке Баянович – «Айдос» ШҚ, қамқорш. кеңес. мүшесі
7. Тұрсынбеков Жанбырбай Кабдоллаевич - учаскелік полиция қызметкері ,мүшесі
8. Байханова Айгүль Қуандыковна – «Вајан аul agro» ШҚ мүшесі
9. Тукенов Қуаныш Мухамеджанович – ауыл тұрғыны, мүшесі.
10. Нуриденова Гульнар Назмуқановна ТІМ- қамқорлық кеңесінің хатшысы

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

4. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы атындағы жалпы орта білім беру мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің бюджеттен бөлінген қаражаттың жұмсалуды қажеттілігі туралы мәлімдеу. Мектеп басшысы Кенжалин Сабит Мұратұлының есебі. /слайд көрсетілді/
5. Жаппай оқу қорынан бөлінген қаражатпен әлеуметтік қорғалмаған аз қамсызданған отбасы оқушыларына күзгі, қысқы, спорт киімдері және мектеп формасымен, кеңсе заттарымен қамтамасыз етілгені жөнінде және ауылымыздың ШҚ көрсеткен көмектері жөнінде мәлімдеу
6. Жарыссөз

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша Өткен оқу жылының қорытындысы бойынша бюджеттен бөлінген қаражаттың жұмсалғаны жөніндегі қажеттілігі туралы мәлімдеу және жаңа оқу жылында атқарылатын жұмыс ретімен таныстыру мектептің басшысы Кенжалин С.М. сөз алды. Былтырғы оқу жылының соңынан бастап жазғы каникул бойы мектептің жылу жүйесіне толықтай күрделі жөндеу жұмысы жүргізілді.

Котельныйдың трубасы ауыстырылды, биіктігі 22 метр қуатты насос қойылды. Жобаның құны 28,000000 теңге.

Акт залы мен спорт залының төбесіне жамылғы жабылды, акт залының ішкі төбесіне армстрон орнатылды. Еденінің бүлінген жерлерінің тақтайлары түгел ауыстырылды. Дәретханаларға толықтай күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді: унитаздары ауыстырылды, жаңадан раковиналар қойылды, су жылтатын аристон қойылды. Қол кептіретін құрылғылар қойылды. Терезеге ауа сорғыш орнатылды, септик қазылды. Дәретханалардың, шахмат кабинетінің, домбыра кабинетінің ішкі төбесіне керме төбе тартылды.

Алдағы атқарылатын жұмыстардың ретімен таныстырып өтейін: 1973 жылы мектепті салған кездегі сыртқы темір қоршауы ауыстырылады. Осы бір-екі жұмада ол жұмыстар басталады. Ал енді бұрынғы темір қоршауды алған соң мектептің спорт алаңын қоршасақ қалай қарайсыздар. Мектептің сыртын толығымен сайдингпен қаптайды. Түсі ақшыл және көк түспен үйлестіріліп тағылады. Акт залының еденін толығымен ауыстырады. Еденді цементпен тегістеп

кафел қояды. Өлкетану мұражайының ішкі жұмыстары жасалды, енді келіп медігерлер толықтай ішкі мұражайдың макеті бойынша жөндеу жұмыстарын жүргізеді.

Мектептің төбесіне күрделі жөндеу жұмысы жүреді, тегіс черепица тағылады. Шыққан кровлясымен профлистін бүлдірмей алып әлеуметтік қорғалмаған аз қамсызданған екі отбасының төбесінің шатырын мектептің ер азаматтары өз күшімен жауып береді. Осы айтылған ұсынысты мектептің қамқоршылық кеңесінің мүшелері толығымен қостап отыр.

7. Екінші мәселе бойынша ТІМ Нуриденова Г.Н. Жаппай оқу қорынан бөлінген қаражатты әлеуметтік қорғалмаған аз қамсызданған отбасы оқушыларына күзгі, қысқы, спорт киімдерімен және мектеп формасымен, кеңсе заттарымен қамтамасыз етілгені жөнінде және ауылымыздың ШҚ көрсеткен көмектері жөнінде мәлімдеу үшін сөз алды.

Биылғы оқу жылының басында қазан айының соңында жаппай оқу қорынан 19 оқушы күзгі, қысқы куртқаларын, аяқ киімдерін толықтай спорт формалары мен мектеп формасын және сөмке мен кеңсе заттарын алды. Кейіннен тағы қараша айында 20 оқушыға осындай киімдер берілді.

Ауылымыздың 22 ШҚ қатынас хат жазылып таратылды. Соның 13 ШҚ біздің оқушыларымызға ақшадай, киім-кешекпен және кеңсе заттарымен көмектесті. Балаларымыздың барлығы санаты бойынша жақсы киініп қалды. Міне, осындай жұмыстар атқарылды. /слайд көрсетілді./

Жарыссөзге: қамқоршылық кеңесінің төрағасы Көпеев Ақжол Сүйіндікұлы сөз алды. Мектептен шыққан барлық темір қоршауды мектептің спорт алаңын қоршауға қалдыруымыз керек. Дайын қоршаудан айрылмай мектептің спорт алаңын қоршап алайық, бәріміз көмектесеміз. Ескі төбе жамылғысына келсек, шынымен жол үстінде тұрған екі үйдің төбесін жауып бергендеріңіз-ол игілікті іс, ер азаматтары жоқ, біз көмектеспегенде кім көмектеседі. Оған мен қосыламын.

Келесі жарыссөзді қамқоршылық кеңесінің мүшесі Мусаипов Мереке Баянұлы алды. Шынымен де осындай игілікті істеріңізге мен де қосыламын, шамам келгенше көмектесемін.

Қаулы қабылданды:

1. 1973 жылы салынған мектептің сыртқы темір қоршауы алып тасталған уақытта осы мектептің спорт алаңын қоршауға аламыз деп шешілді.
2. Мектеп төбесінің күрделі жөндеу кезіндегі спорт және акт залының ескі төбе жамылғысын алып тастаған кезде, барлық материалдарды әлеуметтік қорғалмаған аз қамсызданған екі отбасының үйінің төбесінің шатырын толықтай жауып береміз деп шешілді.



Қамқоршылық кеңесінің хатшысы: ТІМ. Нуриденова Г.Н.